

Бекітемін:

Мектеп директоры **Т.М.Ахметжанова**



КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТИНІҢ ЖҰМЫС КЕСТЕСІ

Апта күндері	Уақыты
Әр айдың бірінші дүйсенбісі	Сағ 15.00-16.00

Тәрбиеші **Алтаева.Г.Ж**

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚТАР

Жалпы ереже

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған мектеп жасына дейінгі балалардың ата – аналарына (заңды өкілдеріне) арналған консультациялық пункттер мектепке дейінгі ұйымдардың базасында ұйымдастырылады және мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын іске асыратын мектепке дейінгі білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесі.

Консультациялық пункттер мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда отбасына көмек көрсетудің бір түрі болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған консультациялық пункттердің қызметі мектепке дейінгі ұйымымен баланың ата-аналардың (заңды өкілдерінің) өзара міндеттемелері келісім - шартқа (1 қосымша) сәйкес өтеусіз негізінде жүзеге асырылады.

Консультациялық пункт қызметінің мақсаттары мен міндеттері

Ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған консультациялық пункттің жұмысы білім беру саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттарын іске асыруға мектеп жасына дейінгі балаларды уйде тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды уйде тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

Негізгі міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуы мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) әдістемелік көмек көрсету, мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету;
- ата-аналарға (заңды өкілдерге) бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету;
- ата-аналарға(заңды өкілдерге) диагностикалық көмек көрсету, мектеп жасына балалардың дамуындағы мәселерді анықтау және диагностикалау;
- мектеп жасына дейінгі балалардың дене бітімі, психологиялық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу;
- мектеп жасына дейінгі балаларды уйде тәрбиелеп отырған ата-аналарға (заңды өкілдерге) ақпараттық қолдау көрсету;
- тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастық орнату болып табылады.